www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№49 /sársenbi/ 03 jeltoqsan 2025 jyl


# САЛЫҚ САЛУ:

## 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ШАҒЫН БИЗНЕС ҮШІН НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2026 жылдың қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Жеңілдетілген декларация шеңберінде шағын бизнеске арналған бірыңғай біріктірілген режим енгізіледі. Бұл режим қазір қолданылып жүрген екі тәртіпті – жеңілдетілген декларация мен бөлшек салығын – біріктіреді. Жылдық шекті кіріс 600 мың АЕК-ке немесе 2,4 млрд теңгеге дейін болуға тиіс. Сонымен қатар жалдамалы қызметкерлер санына шектеу қойылмайды. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев мәлімдеді.

Сонымен қатар егер жылдық кіріс 24 мың АЕК-тен асып кетсе, еңбекақы қорына жұмсалған қаражат есебінен салық салынатын табыс азайтылады. Жеңілдетілген режимді қолданатын салық төлеушілер ҚҚС пен әлеуметтік салық төлеушілері болып саналмайды.

«Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін жаңа жеңілдікті режим қарастырылған — 4% мөлшеріндегі бірыңғай минималды төлем. Оның ішіне ЖТС кірмейді. Бұл санаттағы азаматтар үшін жеке табыс салығы толықтай нөлге теңестірілді. Бірыңғай төлемнің құрамына міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және МӘМС жарналары кіреді. Салық есептілігінің нысандары 30%-ға қысқарады. Сонымен қатар салық төлеушінің келісімімен декларацияларды автоматты түрде толтыру мүмкіндігі енгізілді. Жоспарлы тексерулерден толық бас тартылды. Жаңа жылдан бастап тексерулер тек тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде ғана жүргізіледі», – деді Ерлан Сағынаев.

Микро және шағын бизнес үшін 2026 жылға дейінгі кезеңдер бойынша салықтық тексерулер мен камералдық бақылау толығымен жойылады. Яғни, егер жыл ішіндегі міндеттемелердің жалпы сомасы 1 млн теңгеден аспаса, жер, көлік және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу талаптары алынып тасталады. Сондай-ақ сенімді салық төлеушілер үшін кепілсіз және банк кепілдігінсіз мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу мүмкіндігі енгізіледі.

«2021 жылдан бастап елде кәсіпкерлік саласында жаңа реттеу саясаты аясында «таза парақтан реттеу» қағидаты енгізіліп келеді. 128 мың талаптың ішінде жаңа реттеу шарттарына сәйкес келмейтін 10 мыңнан астам талап жойылды. 2024 жылы түзетулердің екінші пакеті қабылданды. Біз тексеруден профилактикалық шараларға өтіп жатырмыз. Заңнамаға шамамен 400 өзгеріс енгізілетін болады», — деді спикер.

Бизнеске әкімшілік қысымды азайту мақсатында Smart Data Ukimet базасында «Гильотина» реттеу механизмі іске қосылды. Бұл — міндетті талаптар тізілімі, ол бизнеске тізілімнен шығарылған және уақытылы жойылмаған талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатуға мүмкіндік береді. Қазір өңірлік деңгейде де осындай түзету жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, бизнеске қатысты өңірлік талаптар қайта қаралды, жергілікті маңызы бар нормативтік-құқықтық актілердің базалық тізімі қалыптастырылды, жергілікті атқарушы органдар тарапынан Міндетті талаптар тізілімін толықтыру кестесі бекітілді.

Вице-министрдің айтуынша, бизнеске әкімшілік жүктемені одан әрі төмендету мақсатында «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңнан өзектілігін жоғалтқан рұқсаттарды алып тастау жоспарланып отыр.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЛЕМ БІРІНШІЛІКТЕРІНДЕ ТОП ЖАРҒАН ЖАС ШАХМАТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесуге 8 жасқа дейінгі санатта әлем чемпиондары атанған Әдинұр Әділбек пен Алиша Бисалиева, 12 жасқа дейінгі санатта әлем чемпионы болған Данис Қуандықұлы, 14 жасқа дейінгі санатта әлем біріншілігінде жеңіс тұғырынан көрінген Марк Смирнов, 16 жасқа дейінгі санат бойынша әлем чемпионатында алтыннан алқа таққан Эдгар Мамедов, 16 жасқа дейінгі шахматшылар арасында әлем біріншілігінің күміс жүлдесіне қол жеткізген Сауат Нұрғалиев қатысты.

Мемлекет басшысының айтуынша, жас спортшылардың жетістіктері халықаралық аренада Қазақстанның мерейін үстем етеді әрі елімізде шахматтың келешегі зор екенін көрсетеді. Президент чемпиондардың биік мақсаттарға ұмтылуы қажеттігін жеткізіп, оларға жарқын жеңістер тіледі.

– Шахмат деген үлкен өнер. Сондықтан шахматпен күнделікті, мұқият, арнайы кітаптарды оқи отырып айналысу қажет. Халықаралық шахмат федерациясының президенті Аркадий Дворковичпен кездесіп отырсыздар. Бұл – Сіздердің бақытты сәттеріңіздің бірі, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев шахмат тақтасына естелік жазба қалдырды.

**Ақорда.**

# ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН БІРЛЕСКЕН ТУРЛАР АШАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің тапсырмасын орындау аясында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы туризм және көлік байланыстарын дамыту жөніндегі жұмыстар күшейтілді.

Көлік министрлігі тарапынан үш жаңа әуе бағыты іске қосылады. Осы жылдың 1 желтоқсанынан бастап SCAT әуекомпаниясы Түркістан – Бұхара, Түркістан – Үргеніш (Хиуа) және Түркістан – Самарқанд бағыттары бойынша тұрақты ұшады. Рейстер әр бағыт бойынша аптасына үш рет орындалады. Билеттер сатуға шығарылды, ұшу құны – бір бағытқа 40 мың теңге.

Бастапқы кезеңде әуе қатынастары тұрақты жолаушылар ағынын қалыптастыру үшін субсидияланатын болады. Маршруттардың ашылуы туризмді дамытуға және Ұлы Жібек жолы қалаларын ілгерілетуге, сондай-ақ өңірлердің көлік байланысын күшейтуге және шетелдік туристер ағынын ынталандыруға бағытталған.

Сонымен қатар Туризм және спорт министрлігі Орталық Азияның Жібек жолы бойынша ортақ маршруттың жаңа тұжырымдамасын әзірледі. Оған аймақтағы негізгі қалалар: Алматы, Шымкент, Түркістан, Ташкент, Самарқанд, Бұхара және Хиуа кірді, сондай-ақ ортақ тарихи мұра мен табиғи ресурстар енгізілді.

Самарқандқа алғашқы тур kompastour операторымен бірлесіп іске қосылды. Қазір басқа туристік компаниялармен жаңа турларды ұйымдастыру бойынша келіссөздер жүргізілуде.

2026 жылы екі елдің туристік ресурстарын біріктіру мақсатында Қазақстан мен Өзбекстанның туристік әлеуетін бірлесіп ілгерілету жоспарлануда.

# ӨҢІР ТУРИЗМІН ТҮЛЕТЕТІН СӘУЛЕТТІК ЖОБА

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өңірде жүзеге асырылатын жаңа сәулеттік жобаларға арналған кеңейтілген жиын өтті. Күн тәртібінде Арыс пен Кентау қалаларындағы инфрақұрылымдық жаңартулар, сондай-ақ Түркістан қаласында салынуы жоспарланған бірқатар бастамалар жан-жақты қарастырылды.

Өңір басшысы жобаларды орындау барысында заманауи тенденциялармен үндесетін, бірегей әрі креативті идеяларды енгізу маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, Түркістанның жалпы дизайн коды барлық аудан мен қалаға ортақ стиль қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

– Аудандардың кіреберістерін безендіруде жаңа сәулеттік үлгілер ұсынылуы керек. Өңірдің туристік әлеуетін арттыру үшін шекара бекеттерінің айналасын, негізгі жолдардың бойын абаттандыру аса маңызды, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында ерекше назар аудартқан жобалардың бірі – қазақы үлгідегі, киіз үйлермен көмкерілген жаңа концептідегі қонақүй кешені. Бұл нысан дәстүрлі қазақ мәдениетін заманауи архитектурамен ұштастырып, Түркістанға келетін туристер үшін айрықша атмосфера қалыптастыруды мақсат етеді. Сонымен қатар кеңесте Түркістан қаласына заманауи медициналық орталық салу, қаланың көркін ашатын шағын сәулеттік формаларды көбейту, билер аллеясын тұрғызу, ірі мәдени іс-шараларға арналған Рәміздер алаңын салу, көшелер бойына жабайы жүзім егу арқылы жазы ыстық қалада табиғи көлеңке аймақтарын арттыру мәселелері талқыланды.

Сондай ақ, Арыс қаласына велозолдар салу мен кәсіпкер есебінен жаңа саябақ ашу, Кентаудағы базар аумағын ретке келтіру бастамалары да қолдау тауып, нақты ұсыныстар берілді.

Қазақы үлгідегі жаңа қонақүйдің салынуы Түркістан өңірінің туризм саласына бірнеше маңызды бағытта оң әсер етеді. Ең алдымен киіз үй элементтерімен көмкерілген қонақүй – қазақ мәдениетінің танымал брендіне айналып, шетелдік туристерге этникалық тәжірибе ұсынады.

Екіншіден, заманауи инфрақұрылым мен дәстүрлі нақышты үйлестірген нысандар туристер ағынын көбейтіп, өңірге жаңа аудитория тартады. Үшіншіден қонақүй қорының сапасын жақсарту

Бірегей дизайндағы қонақүйлер жоғары деңгейдегі қызмет көрсетумен қосылып, Түркістанды халықаралық стандартқа сай туристік орталыққа айналдыруға үлес қосса, экономикалық белсенділікке серпін береді. Сондай-ақ, этноқауымдастықтар, қолөнер көрмелері, ұлттық ас мәзіріне арналған демалыс аймақтары туристерге қазақтың тұрмысын тереңірек таныстыру туризмді танытудың тағы бір ерекшелігі болары анық.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## АЛАТАУ ҚАЛАСЫН ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ



Алматы облысындағы жаңа өсу нүктелері – Қонаев және Алатау қалалары. Соңғы жылдары Қонаев қаласында 39 шақырым жол жөнделіп, 50 жаңа аялдама орнатылды, 73 шақырым электр желілері және 26 шақырым су құбыры тартылды, 11 трансформатор жаңартылып, 65 нысан абаттандырылды. Бұл жайлы өңір басшысы Марат Сұлтанғазиев ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

№5 Қалалық жағажай «Үздік жағажай» конкурсына қатысқан 30 қатысушының ішінен Бурабайдан кейін 2-ші орынды иемденді.

«Алатау қаласына келетін болсақ, қазіргі таңда 88 мың га аумақты қамтитын және 54 мың тұрғынға қызмет ететін дербес әкімшілік-аумақтық бірлікке айналды. Қаланың Бас жоспары – 2050 жылға дейінгі даму бағыты бекітілді. Мемлекет басшысы бастамасымен Алатау қаласына арнайы мәртебе беру осы жұмыстарды жаңа сатыға шығарды. Бұл мақсатта Алатау қаласын дамыту жөніндегі жобалық кеңсе құрылып, нәтижелі жұмыс жүргізілді. Одан әрі, Президент Жарлығына сәйкес қаланы дамыту жөніндегі Кеңес құрылды», – деді Алматы облысының әкімі.

Қазір Конституциялық заң дайындалып, жыл соңына дейін Парламентке енгізу жоспарланып отыр. Қала аумағында инвестициялық бағыт бойынша жалпы құны 1,5 трлн теңгені құрайтын 42 жобаның тізбесі қалыптастырылды. Оның бесеуі салынып жатыр, қалғандары жобалау жұмыстарын жүргізуде.

## 2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ДЗЮДО ЭЛЕМЕНТТЕРІ КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҮЙІРМЕ РЕТІНДЕ ЕНГІЗІЛЕДІ

ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Азия дзюдо одағы президентінің кеңесшісі, бірнеше дүркін әлем чемпионы Айдар Махметов пен «Жеңіс» спорт клубының бас директоры Тимур Тұрсынбаевты қабылдады.





Кездесу барысында 2026 жылдан бастап пилоттық негізде «Келешек мектептерінде» дзюдо спорт түрін секциялық форматта іске қосу перспективасы талқыланды.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Келешек мектептері» ұлттық жобасының аясында салынып жатқан 217 жаңа форматтағы мектептерде 460 мыңнан астам оқушы білім алады. Бүгінде бұл жаңашыл форматтағы мектептер қазақстандық білім беру жүйесінің инфрақұрылымдық жаңаруының және білім берудегі инновацияларды енгізудің авангардына айналды.

«Келешек мектептерінде сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, шығармашылық, зияткерлік, спорттық үйірмелер арқылы балалардың бойында сыни ойлау, басқарушылық, тактикалық шешім қабылдау, физикалық даму, өзіне талап қою, тәртіпке бағыну, шыдамды болу және төзімділікті дамыту, жеңіске ұмтылу дағдыларын ерте жастан қалыптастыруға да басымдық берілуі тиіс. Соңғы жылдары дзюдоға қазақстандықтардың қызығушылығы артып, ол танымал спорт түріне айналып келеді, сондықтан министрлік федерациямен ынтымақтастықта жұмыс жасауға ниетті», - деді оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

Өз кезегінде дзюдо федерациясының өкілдері 217 «Келешек мектебінде» ашылатын дзюдо үйірмелері үшін жаттықтырушыларды кәсіби дайындауды, сонымен бірге мектеп залдарын қажетті спорттық құрал-жабдықтармен, қатысушы оқушыларды арнайы кимономен қамтамасыз етуді өз міндеттеріне алатындарын жеткізді.

Айта кету керек, жобаны жүзеге асыруда әсіресе, ауыл мектептеріне басымдық беріледі.

## СУАРУ СУЫН ЖЕТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЛІСІМШАРТТАР ЖАСАСУ ЖҮЙЕСІ СЫНАҚТАН ӨТКІЗІЛІП ЖАТЫР

Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты Ақпараттық-талдау орталығы Су тұтынуды ерте болжау жүйесінің (СТЕБЖ) бір бөлігі саналатын «Биллинг» модулін әзірледі. Жүйе тұтынушылар мен «Қазсушар» РМК арасындағы су жеткізуге өтініш беру, келісімшарт жасасу және есеп айырысу процестерін цифрландыруға бағытталған, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Қазіргі таңда СТЕБЖ қажетті су көлемін көрсете отырып, электронды өтінімдер қалыптастыруға, су көлемін айлар мен ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша бөлуге, бекітілген өтінім негізінде келісімшарт жобасын автоматты түрде жасауға, өтінімдер мен келісімшарттарды ЭЦҚ арқылы қол қоюға мүмкіндік береді.

Жүйеде қаржы операцияларын автоматтандыруға арналған жеке бөлім бар. Банктердің екінші деңгейдегі жүйелерімен интеграция жүргізіліп жатыр, бұл шоттарды тікелей банк сервистері арқылы қалыптастыруға және төлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ атқарылған жұмыстардың ай сайынғы актілерін автоматты түрде қалыптастыру процесі енгізіліп жатыр. Бұл құжаттарға ЭЦҚ арқылы электронды форматта қол қойылады. СТЕБЖ-ті басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен біріктіру және электронды құжат айналымын қағаз түріндегі келісімшарттарға балама ретінде заңнамалық тұрғыда бекіту бойынша да жұмыс жүріп жатыр.

«Жүйе қолдануға өте ыңғайлы болады, су тұтынуды жоспарлау мен есепке алуды дәл жүргізуге мүмкіндік беріп, тараптар арасындағы келісімшарт рәсімдерін жеңілдетеді. Бұл шешім қолмен жасалатын операцияларды азайтып, деректердің дәлдігін арттырып, құжат айналымын жылдамдатып, қаржылық есеп айырысудың толық ашықтығын қамтамасыз етеді. Қазір Ақпараттық-талдау орталығының мамандары «Қазсушар» РМК және бассейн инспекцияларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Барлық филиалға және өндірістік учаскелерге жүйені сынақтан өткізіп, үйрену үшін қолжетімділік берілді. Желтоқсан айының басынан бастап оңтүстік өңір мамандарына көшпелі оқыту өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді Су ресурстары және ирригация министрлігі Цифрландыру департаментінің директоры Мейіргүл Қуандықова.

## БИЗНЕСТІ ТЕКСЕРУ САНЫ АЗАЙДЫ





Қазақстанның Бас прокуратурасының деректеріне сәйкес, 2025 жылдың 9 айында шамамен 70 мың тексеру тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,6%-ға төмен. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев мәлімдеді. Спикер атап өткендей, 2024 жылы бизнес жүргізетін есептердің тізімі 381-ден 192-ге дейін қысқартылды. Атап айтқанда, 95 қызмет түрінің ішінде 21 қызмет саласында бизнес есептілігі толықтай алынып тасталды.

«Яғни әрбір бесінші бизнес түрі артық есептіліктен босатылды», — деп нақтылады вице-министр. Оның айтуынша, биыл жыл басынан бері мемлекеттік органдар бірлесіп әзірлейтін салалық тәуекелдерді бағалау және басқару жүйелерін бекіту барысында «таза парақтан реттеу» қағидатына сәйкес келмейтін 23 бақылау саласындағы 250 талап алынып тасталды. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Бизнестің цифрлық картасы» ақпараттық жүйесін енгізу бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр. Бұл жүйе бизнеске мемлекеттік және басқа да қызметтерді көрсету кезінде «бір терезе» қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді.

Биыл сәуірде «EGov Business» мобильді қосымшасының жаңартылған нұсқасы іске қосылды. Қазіргі кезде қосымша арқылы «EGov.kz» порталының шамамен 30 электрондық қызметі, соның ішінде жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды тіркеу функциялары қолжетімді. 2025 жылдың басынан бері ұсынылған қызметтердің жалпы саны 3,6 млн-нан асты, ал пайдаланушылар саны 80 мыңға жуықтады.

## МҮГЕДЕКТІК ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУ ҮШІН ЖИ ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу барысында қолданылатын жасанды интеллект моделін әзірлеп жатыр, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.



Жасанды интеллект медициналық құжаттардан деректерді тану және құрылымдау жүйесі ретінде пайдаланылмақ, бұл ұсынылған мәліметтердің толықтығын анықтау, диагноздарды еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесімен (ауру түрлерінің халықаралық жіктемесіне сәйкес) салыстыру, сондай-ақ қорытынды шешім бойынша ұсынымдар беру сияқты процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Бұл құралды енгізу рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етіп, барлық кезеңдерде адами факторды жояды, мүгедектік тобын анықтау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Қазіргі уақытта ЖИ моделін оқыту, электрондық құжаттарды ұсыну үшін ақпараттық жүйелерді интеграциялау, клиникалық диагнозы растайтын барлық емдеу-диагностикалық, зертханалық және аспаптық зерттеулерді цифрландыру және құрылымдалған түрде беру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Дайындық кезеңі аяқталғаннан кейін куәландырудың жаңа форматын пилоттық режимде апробациялау жоспарлануда.

## ЕЛІМІЗДЕ IT-АРХИТЕКТОРЛАР АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛДЫ

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне қарасты Цифрлық үкіметті қолдау орталығы IT-архитекторлар академиясының ашылғанын жариялады. Бұл жаңа білім беру бастамасы мемлекеттік және корпоративтік деңгейдегі цифрлық шешімдердің архитектуралық сапасын арттыруға бағытталған.

Жедел цифрландыру мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу жағдайында негізгі күрделі мәселелердің бірі – IT-жүйелердің бытыраңқылығы мен олардың қайталануы болып қалып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік цифрлық сервистердің ыңғайлы, өзара ықпалдасқан болуы маңызды. Мұндай шешімдер дайын модульдерді қайта пайдалану, технологиялық үйлесімділік және бірыңғай архитектура ережелеріне сүйенуі тиіс.

IT-архитекторлар академиясы мамандарды IT жүйелерін идеядан бастап іске қосу мен жасанды интеллектіні интеграциялауға дейін тұтас экожүйе ретінде қарастыруға үйрететін тәжірибеге бағытталған платформа болмақ. Оқу бағдарламасы төрт негізгі модульден тұрады:

Бизнес-процестерді қайта құру; IT-архитектураны жобалау; Жасанды интеллект: нөлден прототипке дейін; Жобалық басқару тәсілдері арқылы жобаларды тиімді іске асыру және бизнес-нәтижелерге қол жеткізу.

Бағдарлама 2025 жылғы желтоқсанда басталады. Алғашқы топ тыңдаушылары үшін оқу ақысыз. Өтінімдер 2025 жылғы 20 қараша мен 15 желтоқсан аралығында govtec.kz сайтында қабылданады.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

**Әрбір азамат су айдындарын демалу, серуендеу, шомылу немесе әуесқой балық аулау үшін еркін пайдалана алады. Бұл — оның ортақ су пайдалану құқығы және ол әр адамға туғаннан беріледі.**

Мемлекет тек ерекше жағдайларда ғана жағалауға кіруді уақытша шектеуі мүмкін. Мысалы, халық денсаулығын қорғау және қауіпсіздік мақсатында, табиғатты сақтау үшін немесе су аз жылдары. Бірақ мұндай ақпарат міндетті түрде БАҚ арқылы, мемлекеттік органдардың сайттарында жариялануы тиіс және жағалаудағы арнайы белгілер арқылы көрсетіледі.

Заң су қорғау аймақтарында күрделі ғимараттар мен құрылысжайлар салмай, балалар ойын және спорт алаңдары, жағажайлар, аквапарктер және басқа да демалыс орындарын орнатып, пайдалануға мүмкіндік береді. Кәсіпкер өзіне берілген учаскені қоршауға құқылы, алайда қоршау азаматтардың су айдынына еркін өтуін шектемеуі тиіс.

Егер су айдыны қоршалып, жағалауға өту мүмкін болмаса, жер пайдаланушы азаматтардың еркін өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

**МАҢЫЗДЫ:** Ақы тек жағажай немесе демалыс аймағы көрсететін қызмет үшін ғана алынуы мүмкін. Ал су жағасына өту үшін ақы алу – заңсыз.

Су айдындарының маңында көлік жууға, жанармай немесе химиялық заттарды сақтауға, сондай-ақ қоршаған ортаны ластайтын кез келген әрекетке тыйым салынатынын еске сақтаған дұрыс.

Ортақ су айдындары барлығына қолжетімді болуы керек. Өз құқықтарыңызды біліп, оны пайдаланыңыздар!







**Егер заңда нақты көрсетілмесе, онда қоршау, шлагбаум немесе «өтуге тыйым салынады» деген белгі қойып, азаматтардың жағалауға өтуіне ешкім кедергі жасай алмайды.**










# СПОРТШЫЛАР ОЛИМПИАДА ЛИЦЕНЗИЯСЫН ҚАЛАЙ ЖЕҢІП АЛАДЫ?

2026 жылдың 6-22 ақпан күндері Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында төрт жылдықтың басты додасы – XXV қысқы Олимпия ойындары өтеді. Байрақты бәсекеге әлемнің 93 елінен 3 500-ден астам спортшы қатысады. Олардың қатарында отандық спортшылар да бар.

Қазіргі уақытта спортшылар қысқы Олимпиадаға қатысуға мүмкіндік беретін жолдамаларды алу үшін халықаралық жарыстар мен Әлем кубогі кезеңдеріне қатысып жатыр. Олимпиада лицензиясы сол жарыстардағы нәтижелер мен жинаған ұпай санына қарай беріледі. Қазақстан қоржынында әріге екі лицензия бар. Олар мәнерлеп сырғанаушылар Михаил Шайдоров пен Софья Самоделкинаға тиесілі.

Қазіргі таңда шорт-тректен Қазақстан ұлттық құрамасы әлемдік турды аяқтады. Бұл спорт түрінен соңғы, яғни IV кезең өткен апта Нидерланд Корольдігінің Дордрехт қаласында ұйымдастырылды. Енді алдағы уақытта шорт-тректен Олимпиадаға баратын спортшылардың есімдері анықталмақ.

Ал конькимен жүгіру спортшылары 5-7 желтоқсанда Нидерландтың Херенвен, 12-14 желтоқсанда Хамар қаласында өтетін Әлем кубогі кезеңдерінде өнер көрсетеді.

Мәнерлеп сырғанаудан былтырғы әлем чемпионатында Михаил Шайдоров пен Софья Самоделкина Олимпиада нормативін орындап, лицензия алып қойды. Дегенмен, Михаил 4-7 желтоқсанда Жапонияның Нагоя қаласындағы Гран-при жарысына, ал Софья 3-6 желтоқсанда Хорватия астанасы Загребтегі турнирге қатысады.

Фристайл-могул спортшылары 4 желтоқсаннан 2026 жылғы 18 қаңтарға дейін Финляндия, Канада және АҚШ-тағы Әлем кубогіне және Франциядағы FIS халықаралық турниріне қатысады.

Фристайл-акробатика өкілдері 6 желтоқсаннан 2026 жылғы 18 қаңтарға дейінгі бес Әлем кубогі кезеңіне қатысады. Жарыстар Финляндия, Қытай және АҚШ-та (үш кезең) өтеді.

Биатлоншылар алты Әлем кубогі кезеңі мен алты IBU аясындағы халықаралық турнирге қатысуы қажет. Әлем кубогі кезеңдері Швеция, Аустрия, Франция, Германия (екі кезең) және Чехияда өтсе, халықаралық турнирлер Аустрия, Италия, Швейцария, Германия, Словения және Норвегияда ұйымдастырылады.

Шаңғышылар Финляндия, Норвегия, Швейцария және Италияда өтетін бес Әлем кубогі кезеңінде бақ сынаса, шаңғымен трамплиннен секірушілер 12 Әлем кубогіне, екі құрлықтық, екі FIS кубогіне, екі Аустрия-Германия турниріне және бір құрлықаралық жарысқа қатысады. Жарыстар 20 қарашадан 2026 жылғы 18 қаңтарға дейін жоспарланған. Әзірге отандастарымыз екі Әлем кубогіне қатысып үлгерді.

Тау шаңғысы спортшылары тоғыз Әлем кубогі кезеңінде бақ сынайды. Қазір үш кезең аяқталды, ал алдағы алты кезең 12 желтоқсан мен 2026 жылғы 25 қаңтар аралығында Швейцария, Франция, Аустрия және Чехияда өтеді.

Шаңғы қоссайысында алты Әлем кубогі бар. Бірінші кезең Финляндияда өтсе, кейінгілері Норвегия, Аустрия және Германияда ұйымдастырылып, 4 желтоқсаннан 2026 жылғы 1 ақпанға дейін жалғасады.

Айта кетейік, Қазақстан спортшыларын 2026 жылғы басты спорттық іс-шараға сапалы дайындау мақсатында Туризм және спорт министрлігі спорт федерацияларымен бірлесіп, ұлттық құрамаларды даярлаудың кешенді жоспарын әзірледі.

Жоспарға оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, медициналық және психологиялық қолдау көрсету, қаржыландыру, қажетті спорт құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету, тамақтандыру, сондай-ақ білікті жаттықтырушыларды тарту кіреді.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕР

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды міндеттердің бірі. Бүгінде әлем елдері бұл құбылыстың шекара талғамайтын, трансұлттық сипатқа ие екенін мойындап, оған қарсы экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және қоғамдық шаралардың кең ауқымын қолдануда. Қазақстан да бұл бағытта белсенді саясат жүргізіп келе жатқан мемлекеттердің қатарында.

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық әлемнің барлық аймақтарында, саяси құрылымына, экономикалық деңгейіне қарамастан, әлеуметтік құбылыс ретінде сақталып отыр. Қазақстан үшін де бұл мәселе айрықша өзектілігін жойған жоқ. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық дамуды баяулатады, инвесторлардың сенімін төмендетеді, нарықтық экономика мен демократиялық институттардың қалыптасуына кедергі жасайды. Қоғамдық сенімнің әлсіреуі елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіретіні сөзсіз. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстан мемлекеттік саясатының негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында бұл құбылысқа нақты құқықтық анықтама берілген. Онда сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызметкерлердің немесе оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктерін жеке пайдасы үшін немесе делдалдар арқылы заңсыз материалдық игіліктер алу мақсатында пайдалануымен, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың оларға пара немесе өзге де заңсыз артықшылықтар ұсынуымен сипатталатыны көрсетілген. Ал БҰҰ құжаттарында сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билікті жеке мүддені көздеу үшін асыра пайдалану ретінде айқындалады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттеудің кешенді жүйесі қалыптасқан. Бұл жүйеге Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын айқындайтын Ар-намыс кодексі сияқты маңызды нормативтік құқықтық актілер кіреді. Бұл құжаттар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау, тергеу және оны жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тартудың негізгі тетіктерін белгілейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың ішкі бақылауы ғана емес, қоғамның белсенді қатысуы да шешуші рөл атқарады. Әсіресе салық саласы сияқты экономиканың маңызды секторында адалдық пен ашықтықтың маңызы зор. Сондықтан салық төлеушілер мен салық органдарының қызметкерлері заң талаптарын қатаң сақтап, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ортақ жауапкершілік танытуы қажет. Қоғамдық бақылау, ашық ақпараттық саясат, этикалық нормаларды сақтау – сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтуға бағытталған тиімді шаралардың бірі.

**Алия НАУШАБАЕВА,**
*Еңбекші ауданы бойынша МКБ бас маманы.*

# ОРТА АЗИЯНЫҢ ҮЗДІК НАУБАЙШЫЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ




Шымкентте техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының студенттері мен өндірістік оқыту шеберлері арасында CHOCOLATINE KAZAKHSTAN-2025 халықаралық кондитерлік байқауы өз жалауын көтерді. Дода Түркістан облысы білім басқармасына қарасты Түркістан жоғары көпсалалы аграрлық колледжі базасында өтуде.

Байқау Жұмысшы мамандықтар жылын қолдау, жұмысшы кәсіптердің мәртебесін арттыру және оларды кеңінен насихаттау мақсатын көздейді. Шара Францияның COUPE DU MONDE DE LA CHOCOLATINE халықаралық қауымдастығымен жасалған ынтымақтастық келісімі негізінде ұйымдастырылып, оны өткізуге Францияның Қазақстандағы Елшілігі қолдау көрсетіп отыр.

Халықаралық сынның басты мақсаты – келесі жылдың наурыз айында Францияның Тулуза қаласында өтетін Шоколатина және Pain au Chocolat бойынша Әлем чемпионатына қатысатын Орталық Азияның ең үздік үміткерін анықтау. Бұл өңірдегі кондитерлік өнердің дамуына, жас мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге, жаңа тәжірибе алуына және Қазақстан мен Орталық Азияның бай гастрономиялық мәдениетін жаһанға танытуға мүмкіндік береді.

Биылғы додаға Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан келген жас және кәсіби кондитерлер қатысуда. Жалпы 22 үміткер өз бақтарын сынап жатыр, оның ішінде «Юниор» санатында 12 жас талант шеберлігін көрсетуде.

Халықаралық маңыздағы бұл байқау Оңтүстік өңірін гастрономиялық шеберлердің іскерлік әрі тәжірибе алаңына айналдырып, болашақ кондитер мамандарға жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Байқауға кәсіби халықаралық сарапшылар төрешілік етіп, жеңімпаздарды қорытындылады. Атап айтсақ, Әлем чемпионатына жолдама алатын үздіктер анықталды. Марапаттарды Францияның Қазақстандағы елшісі Сильвен Гиоге табыстап, құттықтау тілегін білдірді. Жеңімпаздар елшілік дипломдары мен сыйлықтарға, ал барлық қатысушылар сертификаттарға ие болды. Байқауда «Профессионалдар» санатында бас жүлдені Астана қаласынан келген Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің оқытушысы Махмұт Еркебұлан иеленді. Ал, «Юниорлар» санатында 25 жасқа дейінгі жастар арасынан Түркістан жоғары көпсалалы аграрлық колледжінің студенті Пернен Мұхаммедәлі үздік деп танылды. Бұл байқау жас таланттарға халықаралық тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп қана қоймай, Қазақстан мен Оратлық азияның гастрономиялық мұрасын әлемге танытуға үлесін қосты.

Байқауда үздік деп танылған жеңімпаздар 2026 жылы Францияда өтетін Chocolatine және Pain au Chocolat Әлем чемпионатына қатысады.

# ЖЕКЕ КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Жеке көмекшінің қызметтерін алу мүгедектігі бар адамға жеке оңалту және абилитациялау бағдарламасы (ЖОАБ) негізінде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адам ЖОАБ негізінде Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) өтініш береді. Өтініш ХҚКО-да тіркелгеннен кейін, мүгедектігі бар адам Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) пайдалана отырып, жеке көмекші қызметтерін ұсынатын ұйымды таңдайды.

Егер мүгедектігі бар адамның компьютер немесе басқа техникалық құралдары болмаса, ол жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүгініп, консультанттардан көмек ала алады.

Әлеуметтік қызметтер порталында қызмет жеткізушіні таңдағаннан кейін, мүгедектігі бар адам жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну туралы шартқа қол қояды.

# «НАЙМАН» КАНАЛЫН БЕТОНДАУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ

«Қазсушар» РМК-ның Түркістан филиалы Ордабасы ауданындағы «Найман» каналын бетондау жұмыстарын аяқтады. Жоба аясында «Найман» каналында ұзындығы 17,6 км, «Қара ой» каналында 5,8 км және Р-1 каналында 1,7 км болатын учаскелер бетонмен қапталды.

Жыл соңына дейін канал бойындағы көпірлер мен су құбырлары құрылысын аяқтау жоспарланған. Бұл нысан Ордабасы ауданындағы 2000 гектар суармалы жерді, сондай-ақ аудан орталығы мен Қажымұқан ауылының жеке қосалқы шаруашылық учаскелерін сумен қамтамасыз етеді. «Найман» каналын реконструкциялау жобасы суармалы сумен қамтамасыз етілетін аумақты ұлғайтып, тасымалдау кезінде су шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

«Реконструкцияға дейін бұл нысан жер арық каналы болатын, кей жерлері қамыс басып кеткен еді. Бетондау жұмыстарының нәтижесінде вегетация кезеңінде «Найман» каналы арқылы су көптен бері бармаған алқаптарға дейін жетті», – деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# ЖЕТІСАЙ АУДАНЫНДА ИРРИГАЦИЯЛЫҚ КАНАЛДЫ КЕШЕНДІ ТАЗАЛАУ БАСТАЛДЫ

2026 жылғы вегетация кезеңінде суару суын жеткізуді жақсарту мақсатында «Қазсушар» РМК Түркістан филиалы өңірдегі ирригациялық каналдарды механикалық әдіспен тазарту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Түркістан филиалының Жетісай өндірістік учаскесінде ұзындығы 64,9 шақырым болатын каналдар тазартылып жатыр. Бүгінге дейін оның 29 шақырымы тазартылды. Жұмысқа 10-нан астам арнайы техника жұмылдырылған.

Атап айтқанда, үш ауылдық округтағы 18,86 мың гектар жерді суару суымен қамтамасыз ететін К-21 каналының 18 км учаскесі тазалануда. Қазіргі уақытта 10 км учаске толық тазаланған. Жұмыстарға пайдаланылып жатқан үш экскаватор тазалауды үздіксіз жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

Сондай-ақ 10 мың га суармалы жерді сумен қамтамасыз ететін К-34 каналын механикалық тазарту жүргізіліп жатыр. Нысанның жалпы ұзындығы – 18,5 шақырым. Қазіргі таңда шамамен 4 шақырымы тазартылды.

«Қазсушар» РМК Түркістан филиалы ГНС-1 насос станциясына су беру тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Машканал» (Машиналық әдіспен су көтеру каналы) бас құрылысын құм мен лайдан тазарту жұмыстарын да жүргізіп жатыр. Бұл жұмыстарға 5 арнайы техника жұмылдырылған. Тазарту процесін 10-15 күн ішінде аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар ГНС-1 станциясындағы 8 насос агрегатын жөндеуге дайындық жүргізіліп жатыр.

Бұдан бөлек, филиал Жетісай ауданындағы ішкі шаруашылық каналдарын да механикалық тазалауды көздеп отыр.

«Вегетация кезеңі барысында осы нысандардың барлығында суды жеткізуге қатысты қиындықтар анықталды. 2026 жылғы суару маусымында осындай мәселелердің алдын алу үшін алдымен тазарту жұмыстары жүргізіліп, кейін жөндеу және бетондау жұмыстары іске асырылады. Тазарту барысын Су ресурстары және ирригация министрлігінің мамандары бақылауда және ведомство ұсынған жаңа техника мен автокөлік белсенді пайдаланылып жатыр», – деді Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкілі Нұрмұхаммед Ниязбеков.



# ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР БАСТАПҚЫ ЖАРНАҒА ҚАНША ҚАРАЖАТ ЖИНАУЫ КЕРЕК?

Биыл қазақстандық теңгеге 32 жыл толады. Ал теңгемен құрдас азаматтар үшін бұл – мүмкіндіктерге толы кезең. Жас қазақстандықтар белсенді даму үстінде. Олар мансап құрып, отбасылы болып, өз баспанасына қол жеткізуге ұмтылуда. Көпшілігі үшін жаңа үйге қоныстанудың жолы ипотекамен және бастапқы жарнаның болуымен тікелей байланысты. Алайда жастарға бастапқы жарнаны жинау көбінесе қиынға соғады. Бұл туралы банктің баспасөз қызметі мәлімдеді.

«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – Отбасы банкте жас азаматтарға аз жинақпен немесе мүлде жинағы болмаса да, өз баспанасына жақындай түсуге септесетін бағдарламалар бар.

**«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы.**

Бұл бағдарламада жинақ мүлдем қажет емес. Несие мөлшерлемесі – небәрі 1%*. Ең жоғары несие сомасы – 2 500 АЕК немесе 2025 жылы 9 830 000 теңге. Бағдарлама дипломы бар және ауылда сұранысқа ие салаларда жұмыс істегісі келетін жастарға арналған. Мұндай салаларға білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіптік кешен, мәдениет, спорт және ауылдық округ әкімдіктеріндегі мемлекеттік қызмет (әкімдер мен олардың орынбасарларынан басқа) кіреді.

Қажетті мамандардың тізімін жергілікті әкімдіктер жыл сайын жасайды. Сондықтан бағдарламаға қатысқысы келетіндер алдымен өздері әкімдікке барып, тізімге енгізілуі керек. Бұдан кейін өтінім Baspana Market (otbasybank.kz) порталында беріледі және несиені рәсімдеу толықтай онлайн өтеді.

Бүгінгі таңда 7 388 адам қоныс тойын атап өтті.

**«Наурыз» бағдарламасы.**

Бұл бағдарламаға қатысу үшін үміткердің қандай мамандықта жұмыс істейтіні маңызды емес. «Наурыз» – болашақ баспанасына ақша жинай бастаған азаматтарға арналған бағдарлама. Қазіргі уақытта өтінімдер белсенді түрде қабылданып жатыр және 2025 жылдың 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) Baspana Market (otbasybank.kz) порталында жалғасады. Өтінім беру үшін екі негізгі талап орындалуы тиіс:

• өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің соңғы 5 жыл ішінде өз атында тұрғын үй болмауы керек;

• Отбасы банкінде 2 млн теңге жинақтың болуы.

Егер жас қазақстандық бағдарлама қатысушыларының тізіміне өтсе, онда несие алу үшін жаңа, таза әрлеудегі тұрғын үйді сатып алу кезінде бастапқы жарна – небәрі 10%. Егер пәтер әрлеуі жоқ күйінде сатып алынса, онда бастапқы жарна – 20%. Несие мөлшерлемесі – жылдық 9%**. Сонымен қатар несие сомасына жөндеу шығындарын да қосуға болады.

Айта кетерлігі, «Наурыз» бағдарламасы бойынша берілген несиелердің 60%-ын 35 жасқа дейінгі жастар алған. Бағдарлама алдағы 5 жылда да жалғасады, сондықтан жастарда осы уақыт ішінде ақша жинап, баспана алу мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндікті қазірдің өзінде 17 мыңнан астам қазақстандық пайдаланды.

**Жастарға арналған өңірлік бағдарламалар.**

Соңғы 8 жыл бойы Отбасы банкте өңірлік жастар бағдарламалары жұмыс істеп келеді. Бұл бағдарламаларда да белгілі бір мамандық өкілдеріне басымдық беріледі: дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет және спорт қызметкерлері, халықты әлеуметтік қорғау саласының мамандары, журналистер, полицейлер мен құтқарушылар.

Бастапқы жарна – 10%, несие мөлшерлемесі – жылдық 5%-дан бастап***. Биыл жастарға арналған бағдарламалар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар облыстарында және Ұлытау өңірінде іске қосылды. Жақын уақытта Абай, Маңғыстау және Қостанай облыстарында да басталады.

Осы бағдарламалар арқылы 11 630 отбасы қоныс тойын тойлады. Бағдарламаға қатысу үшін Отбасы банкінде депозитте қаражат жинап, бағдарламаның басталуы туралы жаңалықтарды бақылап отыру қажет.

Отбасы банкінде әрбір теңге — баспана арманын жүзеге асыруға жұмыс істейді.

Қазір банкте 18–35 жас аралығындағы 1,4 миллион жас қазақстандық өз баспанасына ақша жинап жатыр. Бұл жолда мемлекет те қолдау көрсетеді: жыл сайын салымшыларға 20% мөлшерінде сыйақы (жылдық лимит — 200 АЕК) беріледі. 2025 жыл да бұл жағынан ерекшелік болмайды.

Осы жылы ең жоғары мемлекеттік сыйақы — 157 280 теңге алу үшін депозитті 786 400 теңгеге толықтыру қажет. Мұны 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жасау керек.

Өйткені әрбір теңге, тіпті аз ғана жинақ та болсын, өз пәтеріңнің кілтін бұрайтын күнге жақындата түседі. Бұл мүмкіндікті Отбасы банкінің 129 448 жас салымшысы пайдаланып үлгерді. Олардың барлығы баспаналы болды. Жас азаматтардың алған несиелерінің орташа сомасы шамамен 18,8 млн теңгені құрады.

* ЖТСМ 1%;
**ЖТСМ 9,4% дан 13% дейін;
***ЖТСМ 5,2% дан 5,7% дейін.

**Сондай-ақ, елімізде бастапқы жарнасыз ипотека іске қосылды**

«Отбасы банк» «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында несиелер беруді бастады. Несие мөлшерлемесі – 1%. Бастапқы жарна – 0%. Биыл бұл бағдарлама алғашқы болып өтінім берген 200 қазақстандыққа жаңа баспана сыйлады.

Бағдарламаға ауылдар мен аудан орталықтарына жұмыс істеуге келген тұрғындар қатыса алады. Несие қаражатын үй сатып алуға немесе салуға пайдалануға болады. 2025 жылы несиенің ең жоғары сомасы – 2 500 АЕК немесе 9 830 000 теңге, мерзімі – 15 жылға дейін.

Сонымен қатар ауыл тұрғындары көтерме жәрдемақы да ала алады. Бұл – 2025 жылы 100 АЕК немесе 393 200 теңге көлеміндегі біржолғы төлем. Ол үйді жабдықтауға және алғашқы қажетті заттарды сатып алуға көмектеседі.

**Бағдарламаны қаржыландыруды мемлекет жүзеге асырады.**

Бағдарламаға техникалық және кәсіптік, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар қазақстандықтар қатыса алады. Қатысушылар мынадай сұранысқа ие салаларда жұмыс істеуі тиіс:

• білім беру;
• денсаулық сақтау;
• әлеуметтік қамсыздандыру;
• агроөнеркәсіп кешені;
• мәдениет;
• спорт;
• ауылдық округтер әкімдері аппараттарындағы мемлекеттік қызмет (әкімдер мен олардың орынбасарларын қоспағанда).

Жыл сайын жергілікті әкімдіктер өз елді мекендері үшін жоғарыда аталған бағыттар бойынша сұранысқа ие мамандар тізімін жасайды. Несиелер дәл осы тізім аясында беріледі.

Сондықтан бағдарламаға қатысқысы келетін азаматтар ең алдымен өз елді мекенінің әкімдігіне барып, қай мамандықтардың қажет екенін нақтылауы керек. Егер әкімдік, мысалы, дәрігер немесе агроном қажет екенін растап, тұрғынды тұрғын үй мәселесін шешуде қолдауға дайын болса, онда маманға бағыттама береді. Осыдан кейін ауыл тұрғыны Baspana Market (otbasybank.kz) порталында өтінім бере алады.

Дәл осы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы Қостанай облысының тұрғыны, үш баланың әкесі Валерий Барышевке бастапқы жарнасыз өз үйін сатып алуға мүмкіндік берді. Жас маман бірнеше жыл бұрын университетті тәмамдағанымен, қалада өз мамандығы бойынша жұмыс табу және баспана мәселесін қатар шешу оңай болмаған. Пәтерақы қымбат, ал бастапқы жарнаға қаражат жинау мүмкін болмапты. Сол себепті Валерий туған Калинин ауылдық округінің әкімдігіне маман болып жұмысқа орналасып, ауылда өз бағын сынап көруді ұйғарған. Дәл сол жерде ол «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы туралы білген.

– Егер «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы болмағанда, біз әлі ұзақ уақыт жинап жүрер едік. Менің кеңесім – елімізде тұрғын үй мәселесін шешуге арналған мүмкіндіктерді пайдалану керек. Көшу мен қиындықтардан қорықпау қажет, өзіңе сену маңызды. Қалада жылдар бойы жалдамалы пәтерде тұруға болады, ал ауылда осылай тез арада өз баспаналы болып, балаларды жайлы ортада өсіруге мүмкіндік бар, – дейді қуанышымен бөліскен Валерий Барышев.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасының операторы – Отбасы банк. Банк өтінім қабылдау мен несие беру процесін толығымен онлайн форматқа ауыстырды. Өйткені көптеген ауылдар банк бөлімшелерінен алыс орналасқан. Қашықтан қызмет көрсету азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік қолдауға қол жеткізу процесін едәуір жеделдетті.

